

«Бекітемін»
«Балаларды ерте дамыту
институты» РММ директоры

_____ М.Адамова
« 24 » _____ 2023 ж.

**«Өнерлі бала» республикалық балалар шығармашылығы
байқауын өткізу туралы
ЕРЕЖЕ**

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Ереже меншік нысаны мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан мектепке дейінгі ұйымдар арасында «Өнерлі бала» республикалық балалар шығармашылығы байқауын (бұдан әрі – Байқау) ұйымдастыру тәртібі мен өткізу шарттарын белгілейді.

1.2. Байқау ҚР ОАМ «Балаларды ерте дамыту институты» РММ (бұдан әрі – Институт) 2023 жылға арналған жоспарына сәйкес өткізіледі.

1.3. **Мақсаты:** мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру үшін оңтайлы жағдай жасау, дарынды балаларды анықтау, дамыту және қолдау.

1.4. Міндеттері:

- өнер туындыларын қабылдау және түсіну дағдыларын қалыптастыру;
- балалардың би-хореографиялық, орындаушылық, актерлік, шешендік қабілеттерін, балалар музыкалық аспаптарында ойнау дағдыларын дамыту;
- балалардың көркемдік және орындаушылық деңгейін арттыру және дамыту;
- интонациялық-сөйлеу мәнерлілігін дамыту, мимика, дауыс екінісі мен сәнді қозғалыстар арқылы импровизациясын ояту;
- балалар музыкалық аспаптарында ойнау дағдыларын қалыптастыру (ағаш қасықтар, сылдырмақ, асаяқ, домбыра, сазсырнай, барабан және металлофон, дауылпаз, тұяқтас, қоңырау, флейта және т. б.);
- балалар әдебиетіне, театр әлеміне, шешендік өнерге, айтысқа деген қызығушылықты ояту;
- тәрбиеленушілердің жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизм сезімін тәрбиелеу.

2. Байқауды ұйымдастыру тәртібі және өткізу шарттары

2.1. Байқауды ұйымдастырушылар – «Балаларды ерте дамыту институты» РММ, аудандық бөлімдер, Облыстық, республикалық маңызы бар қалалар мен астананың білім басқармалары.

2.2. Байқауға мектеп жасына дейінгі ересек балалар, мектепалды топтар мен сыныптар қатысады және келесі номинациялар бойынша өткізіледі:

- балалар айтысы;
- би, хореография;
- театр қойылымдары;

- балалар музыкалық аспаптарында ойнау.

2.3. Байқаудың II және III кезеңдеріне әр номинация бойынша 1-еуден аспайтын жеңімпаз жіберіледі.

2.4. Байқау үш кезеңде өткізіледі:

I кезең – аудандық, қалалық (облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың) деңгейі;

II кезең – облыстық (республикалық маңызы бар қалалар мен астананың) деңгейі;

III кезең – республикалық деңгейі.

2.5. Өңірлерде байқау өткізу туралы хабарландыруды Облыстық және Республикалық маңызы бар қалалардың және астананың білім бөлімдері (аудандық, қалалық), білім басқармалары бұқаралық ақпарат құралдарында, Интернет-ресурстарда байқау басталғанға дейін күнтізбелік 30 (отыз) күн бұрын жариялайды.

2.6. Байқаудың барлық кезеңдерінде материалдарды бағалау үшін басшылардың бұйрығымен аудан, қала (облыстық, республикалық маңызы бар қала), облыс, республикалық маңызы бар қалалар және астана (құрамы кемінде 11 адам) деңгейінде Өңірлік комиссия құрылады.

2.7. Өңірлік комиссия аудандық, қалалық бөлімнің, облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың білім басқармасының қызметкерлері, мектепке дейінгі ұйым басшылары, білікті педагогтер, әдіскерлер, ата-аналар қоғамдастығының өкілдері, бұқаралық ақпарат құралдары және т.б. қатарынан құрылады.

2.8. Өңірлік комиссия ұсынылған материалдарды зерделейді және бағалайды, келесі кезеңдерге қатысу үшін жеңімпаздарды анықтайды.

2.9. Комиссиясы мүшелері:

- лайықты үміткерлер болмаған жағдайда жүлделі орындарды бермеу;
- техникалық ақауларға байланысты (қатысушы тарапынан) ашылмаған бейнематериалдарды қарамау;

- ұзақтығы осы Ережеде белгіленген уақыттан асатын бейнематериалдарды қарамау құқықтарына ие.

2.10. Республикалық кезеңнің байқау комиссиясының қарауына облыстық, республикалық маңызы бар қалалар мен астананың білім басқармалары келесі материалдарды жолдайды:

1) Облыстық, республикалық маңызы бар қалалар мен астананың білім басқармаларының **ілеспе хаты**;

2) осы ереженің 1-қосымшасына сәйкес байқауға қатысу үшін **өтінім**;

3) осы Ереженің 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша бейнероликті ресімдеуге қойылатын талаптарға және бағалау критерилеріне сай **бейнематериал**;

4) екінші кезең қорытындысы бойынша Облыстық, республикалық маңызы бар қалалар мен астана білім басқармаларының **байқау комиссиясының хаттамасы** (сканерленген көшірмесі).

3. Қатысушыларға қойылатын талаптар және байқау шарттары

- 3.1. Байқау мектепке дейінгі ересек және мектепалды топтар мен сыныптар арасында номинацияларға сәйкес өткізіледі.
- 3.2. Байқау нөмірлерін ұзақтығы 4 минуттан аспайтын кез-келген тақырыпта, әртүрлі бағыттар ұсынылуы мүмкін.
- 3.3. Балалардың жасына сәйкес театр түрлерін (қуыршақ, көлеңкелі, саусақ, үстел үсті, орамалдар, «би-ба-бо», қасықтар, ойыншықтар, қолғап және басқа) ұсынуға болады.
- 3.4. Байқауға ұсынылатын билер мен театр қойылымдары, балалар айтысы балалардың жастарына сәйкес тәрбиелік мәні болуы шарт.
- 3.5. Байқауға жеке және топтық жұмыстар қабылданады.
- 3.6. Қатысушылардың саны шектелмейді.
- 3.7. Байқау кезінде түсірілген бейнежазбаларға, оларды таратуға, сондай-ақ трансляциялауға (оның ішінде Интернет желісінде) барлық құқықтар байқаудың Ұйымдастыру комитетіне тиесілі, әдістемелік мақсаттарда пайдалануы мүмкін.
- 3.8. Байқауға қатысушының өтінімі осы Ереженің шарттарын толық қабылдайтындығының, байқау өткізу шеңберінде дербес деректерді өңдеуге келісім беретіндігінің дәлелі болып табылады.
- 3.9. Ұзақтығы осы Ережеде белгіленген уақыттан асатын бейнематериал қаралмайды.
- 3.10. Бейнелер YouTube бейне платформасына жүктеледі, өтінімде сілтеме орналастырылады.
- 3.11. Материалдар «**Өнерлі бала**» байқауының атауымен 2023 жылдың «17» тамыздан кешіктірілмей **i-rrd2021@mail.ru** электрондық поштасына жіберіледі. Көрсетілген мерзімнен кеш келіп түскен материалдар қаралмайды, сондай-ақ қайтарылмайды.

4. Қорытынды шығару, жеңімпаздарды марапаттау

4.1. «Өнерлі бала» республикалық байқауының қорытындысы бойынша келесі номинациялар бойынша жүлделі орындар белгіленеді:

- 1) би, хореография:
 - Үздік балалар биі;
 - Үздік би ұжымы;
 - Үздік композиция;
 - Үздік балалар костюмі.
- 2) театр қойылымдары:
 - Үздік қойылым;
 - Үздік орындаушы;
 - Үздік көркем дизайн (декорация, жарық эффектілері, костюмдер).
- 3) балалар айтысы:
 - Үздік шешендік өнер;
 - Сүйкімді жұп;
 - Өнерлі жұп.
- 4) балалар музыка аспаптарында ойнау:

- Үздік қойылым;
- Шебер орындаушы;
- Өнерлі ансамбль.

4.2. Байқаудың республикалық кезеңінің жеңімпаздары Институттың дипломдарымен және алғыс хаттарымен марапатталады. Байқау қорытындылары мен жеңімпаздардың материалдары институт <http://irrd.kz> сайтында және әлеуметтік желілер парақшасында жарияланады.

Анықтамалар үшін телефон: 8 (7172) 28-09-50

_____ облысы бойынша
«Өнерлі бала» республикалық балалар
шығармашылығы байқауына қатысу үшін
ӨТІНІМ

Білім беру ұйымының толық атауы (МДҰ Жарғысына сәйкес)	Педагогтің аты-жөні	Балалардың жасы	Номинация түрлері				Номинацияларға сәйкес бейне материалдар орналастырылған YouTube платформасындағы бейненің сілтемесі
			би, хореография	балалар айтысы	балалар музыка аспаптарында ойнау	театр қойылымдары	

Бейнероликті рәсімдеуге қойылатын талаптар және бағалау критерийлері (5 ұпай)

Бейнероликті қойылатын талаптар:

Байқау тақырыбына сәйкес келетін кез келген қолжетімді құралдармен түсірілген (жасалған) бейнесюжеттер ұсынылады.

Байқау бейнежазбасы мынадай талаптарға сай болуы тиіс:

- түсірілім кәсіби, сапалы, бейнекамераны өшірмей және тоқтатпай (басынан аяғына дейін) орындалуы тиіс;
- бейне форматы: AVI, MOV, MPEG, MP4.
- бейненің минималды ажыратымдылығы-720 x 480 (12:8 см).
- бейнероликтің ұзақтығы – 4 минуттан аспау керек;
- Бейнематериалдың басты бетінде: мектепке дейінгі ұйымның атауы; топтың атауы; педагог туралы мәліметтер (тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы) көрсету қажет;
- байқауға қатысушының бейне файлда қатысушы туралы ақпарат (Т.А.Ә., жасы, атауы) болуы тиіс;
- бейнелер YouTube платформасына жүктеледі, өтінімде сілтеме орналастырылады.

Бейнероликтерді бағалау критерийлері:

- орындау техникасы;
- синхрондылық;
- нөмірдің композициялық құрылысы және оның баланың жасына сәйкестігі;
- музыкалық және хореографиялық материалдарды іріктеу және олардың сәйкестігі;
- сахна мәдениеті (пластика, костюм, реквизит, орындау мәдениеті);
- әртістік, көркем образды ашу;
- шығармашылық ерекшелік, стандартты емес шешім;
- орындаушылардың мәнерлілігі мен эмоционалдылығы;
- сахналық дағдыларды, сөйлеу техникасын меңгеру;
- костюмдердің қойылымға сәйкестігі және сахнаны безендіру;
- репертуардың балалардың жасына сәйкестігі.